

6D090200 – «Туризм» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға
Абдикаримова Мадина Нурбулатовнаның
**«Туристік кадрларды даярлауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-
педагогикалық шарттары» тақырыбында**
жазылған диссертациясының
АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру екенін атап өтті. Оқу бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және ақпаратты өз бетінше іздеу дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесінің сапасына да ерекше назар аударылуда. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейіне және білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талаптарды күшейту қажет».

Бүгінгі таңда адамның тағдыры, оның білім сапасы, адамның зияткерлік және білім беру әлеуетімен анықталады, ал бәсекелестіктің негізін білім деңгейі мен сапасы құрайды. Білімсіз қарқынды экономикалық өсу, демографиялық құлдырау, елдің өмір сүру деңгейі мен сапасының жоғарылауы, қорғаныс қабілетін арттыру және оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес.

2017 жылы Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы, тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік саласын қалыптастыру үшін, оны іске асыру жөніндегі негізгі қағидаттар мен тәсілдерді қоса алғанда, бірыңғай институционалдық, әдіснамалық, ұйымдастырушылық негізді қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленген болатын. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қолданыста.

Қазіргі уақытта және болашақта туризм индустриясындағы кадрлармен қамтамасыз етуді басқарудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын жетілдіру туризм индустриясы саласында қызмет көрсетудің өсуін реттеу және сапасын арттыру үшін нақты ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік нысандар мен жүйелердің, басқарушылық шешімдердің тығыз өзара байланысын іздестіруге және қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Қазақстандық туристердің сыртқа шығу туризміне сұранысы Қазақстандағы туристік дестинациялар мен орналастыру объектілері үшін бизнес үлесінің төмендеуін білдіреді, сондықтан республикада туризмнің сапалы дамуымен қазір шетелде демалып жатқан отандық туристердің белгілі бір саны ел ішінде туризмге арналған шығыстарды жүзеге асыра отырып,

қазақстандық туристік дестинацияларға артықшылық береді деп болжау заңды.

Қазіргі заманғы туристік индустрия әлемдік экономиканың ең жоғары табысты салаларының бірі болып табылады. Туризмнен айтарлықтай кірісті шағын елдер де, ірі дамыған мемлекеттер де алады (АҚШ, Франция, Испания және т.б.). Туризм саласы осы елдердің бюджеттеріне жалпы ұлттық өнімнің 10 пайызына дейін әкеліп, маңызды орын алып отыр. Туризм индустриясы жақын және алыс шет елдердегі экономиканың ең табысты салаларының бірі болып табылады.

Бүгінде республикада ішкі және халықаралық туризмнің даму үрдісі байқалады. Туристердің Қазақстан Республикасына келу серпінін талдауда елдің шетелдік туристер үшін жеткілікті дәрежеде тартымды болып отырмағанын көрсетеді, себебі, республикаға келетін кандидаттардың саны 2007 жылғы дағдарысқа дейінгі көрсеткіштерден едәуір артта қалып отыр (2007 жылы 9,3 миллион адам). Елге келу туризміндегі туристік ағынның көлемі көрсетілген кезеңде 0,9 млн жоғарылаған. Үш жыл ішінде туристер ағынының оң динамикасын атап өтуге болады, дегенмен өсу қарқыны төмен: 2015 жылы 1,5%, 2016 жылы 1,2% және 2017 жылы 18,3%. ЮНВТО мәліметтері бойынша, 2018 және 2019 жылдары Қазақстанда туристер саны 10% - ға артты.

Қазақстанның Тәуелсіз мемлекеттер достығы (ТМД) көптеген елдерімен геоэкономикалық және геосаяси жағдайына байланысты 7,7 млн. шетелдік туристердің 89,9% - ын ТМД елдерінен келген туристері құрайды, сондай-ақ шетелдік қонақтардың көпшілігі (80%-ы Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Тәжікстан Республикасы азаматтары) еңбек мигранттары болып табылатынын атап өткен жөн. ТМД елдерінен келушілер саны 2017 жылы 847 240 адамға немесе 2013 жылмен салыстырғанда 13,6% - ға артты. 2017 жылы ТМД елдерінен келетін туристік ағындардың құрылымында туыстық және достық сапарлар басым болып отыр. Ең көп үлесті Өзбекстан (47,4%), Ресей (24,2%), Қырғызстан (18,0%), Тәжікстан (5,4%), Армения (3,7%), Әзірбайжан (1,6%), Беларусь (1,0%) және Молдова Республикасының (0,19%) туристері құрайды. Құлдырау бойынша жетекші орындардың бірін Қырғызстан (-8,0%) және Ресей Федерациясы (-4,0%) алады. Бірақ оң динамикасын көрсететін нарықтар бар. Ең алдымен, бұл Өзбекстан (+34,1%), Армения (шамамен 5 есе).

Тақырыптың зерттелу дәрежесі. Біздің зерттеуіміздің негізгі базалық принциптері С.Р. Ердаулетов, Е.С. Никитинский, В.Н. Вуколов, О.Б. Мазбаев, А.А. Саипов, А.А. Жолдасбеков, Т.Т. Тұрсынов, Н.А. Огиенко, С.К. Алшымбеков, К.М. Омаров, Н.В. Ивлева, Т.В. Имангулова, О.Г. Лютерович, Е.Т. Маханбет, Г.А. Ризаходжаева, және т.б. туристік индустрия мамандарының, туризм менеджерлерінің кәсіби-педагогикалық рөлдің теориялық-әдіснамалық мәселелерін, аймақтық туризмнің ерекшеліктерін

ескере отырып кадрлар даярлауды, белсенді және спорттық туризм мамандарын даярлауды, болашақ экскурсоводтарды даярлауды ашатын қазақстандық ғалымдардың докторлық және кандидаттық диссертацияларынан көрініс тапты.

Студенттер тұлғасының креативтілігін қалыптастыру бойынша мәселелер, болашақ маман тұлғасының педагогикалық қалыптасу процесі, студенттердің кәсіби бейімделуі, кәсіби құзыреттілігі мен танымдық қызметін дамыту, олардың шығармашылық дербестігі, ЖОО-дағы білім берудің заманауи мазмұнының теориясы, студенттердің оқу-танымдық қызметін басқару, қашықтықтан оқыту әдістері т.б. Д.М. Джусубалиева, А.Т. Капанова, Б.Т. Кенжебеков, Э.К. Калымбетова, М.М. Рыскулова, Б.А. Оспанова, Л.Ю. Гущина, С.К. Кенжебаеваның еңбектерінде қарастырылған.

Алыс және жақын шетел аумағында туристік кадрлар мамандарын кәсіптік білім беру және ұйымдастырушылық-педагогикалық даярлау жөніндегі мәселелер Гворыс Веслав, Е.В. Мошняга, М.В. Полевая, С.В. Дусенко және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жарияланды.

Білім беру үрдісіндегі модульдерді бағалау, ерекшеліктері, кезеңдері, құру және білім беру бағдарламаларының кадрлық әлеуетін ашатын жұмыстарды Е.Л. Писаревский, Н.А. Зайцева, М.А. Гаранин, П.А. Паулов, К.Л. Полупан, Б.К. Закирьянов, М.А. Прокофьева, және т.б. ғалымдар жариялаған.

Осы зерттеудің негізінде жатқан туризмді дамытудың қазіргі проблемалары мен перспективалы бағыттары туралы әр түрлі уақытта, А. Рубаник және Д. Ушаков, С. Сураганова және Б. Сабатаева, Г. Зорина және Е. Илина, М. Биржаков, Е. Вавилова, А. Бабкин, М. Каменова және Р. Шокан, И. Зорин және В. Квартальнов және т.б. ғалымдардың ғылыми әдістемелік жарияланымдарынан көре аламыз.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі бекітілген тұжырымдамасында атап өтілгендей, Қазақстанда туризмнің жедел дамуын қиындататын негізгі себептерге мыналар жатады:

1. Туризм орындарында инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік объектілерге қол жеткізудің қиындығы, туристер демалатын орындарда сервис деңгейінің төмендігі, жол бойындағы инфрақұрылым объектілері сервисінің саны мен сапасының жеткіліксіздігі.

2. Туризм саласындағы білікті кадрлардың жетіспеушілігі, оның ішінде білім берудің академиялық сипаты, білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарынан, өндіріс қажеттіліктерінен, жұмыс берушілердің үміттерінен және т.б. біршама оқшаулануы.

3. Визалық және көші-қон формальдылығы.

4. Туристік саланы дамытуда мәдени және спорттық бағытты қоса алғанда, кешенді тәсілді іске асыру үшін мүдделі мемлекеттік органдарының үйлесуінің жеткіліксіз деңгейі.

5. Әлсіз маркетинг және брендинг.

6. Төмен инвестициялық тартымдылық.

Осылайша, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын зерделеу және философиялық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, нормативтік құжаттарға жасалған талдау туристік еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес кадрлармен қамтамасыз етудің жеткілікті түрде баса назар аударылмағандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- қоғамның жаңа формациядағы кәсіби туристік кадрларға деген сұранысына және олардың Қазақстанның жоғары оқу орындарында жеткіліксіз дайындалуына;

- «Туризм» білім беру бағдарламасына кәсіби стандарттарды енгізу қажеттілігімен және құзыретті-бағдарланған тәсілді ескере отырып, студентке бағдарланған оқытуды іске асырумен байланысты;

- білім беру процесінің ұйымдастырылуы мен нәтижелеріне және туризм индустриясы субъектілері атынан прогрессивті туристік еңбек нарығының нақты жағдайларына қойылатын қайта өзгертілетін талаптар.

Анықталған қарама-қайшылықтар негізінде **зерттеу мәселесі** анықталды, ол туристік нарық субъектілерінің нақты қажеттіліктерін және оқуға құзыретті-бағдарланған көзқарасты біріктіретін «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша бекітілген кәсіптік стандарттарды ескере отырып, туристік кадрларды даярлаудағы ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларға назар аударудан тұрады.

Мәселенің өзектілігі және оның жеткіліксіз өңделгендігі диссертациялық зерттеу тақырыбын анықтауға негіз болды: «Туристік кадрларды даярлауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары».

Зерттеудің мақсаты: Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы туристік кадрларды даярлаудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын жетілдіру.

Зерттеу нысаны: Туризм индустриясы мамандарын кәсіби даярлау.

Зерттеу пәні: Қазақстандық жоғары оқу орындарында туристік кадрларды даярлау процесін жетілдіру бойынша ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары.

Зерттеу гипотезасы: Егер кадрларды даярлауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қазіргі білім беру жүйесіне білім беру траекторияларын енгізсе, онда кадрларды даярлау неғұрлым тиімді болады, өйткені осы білім беру траекториялары туризм индустриясы мамандарын кәсіптік даярлауды тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін білім беру бағдарламасы бойынша даярланған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің мақсаты мен гипотезасына сәйкес **зерттеудің келесі міндеттері** анықталды:

1. Туризм индустриясында кадрлар даярлау бойынша TedQual.UNWTO халықаралық туристік білім беру жүйесін зерттеу және педагогикалық шарттардың ерекшеліктерін, жіктелуін қарастыру.

2. Туризм индустриясы мамандарын даярлауға және олардың кәсіби қызметіне ықпал ететін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына талдау жасау.

3. Қазақстан Республикасының туризм индустриясында кадрлар даярлаудың білім беру процесін жетілдіру жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

4. Қазақ спорт және туризм академиясы базасында «Туризм» ББ аясында білім беру траекторияларын, туризм индустриясы үшін кадрлар даярлау жүйесінің нәтижелілік көрсеткіштерін эксперименттік жұмыстар арқылы негіздеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі «Туристік білім беру», «Білім беру туризмі» ұғымдарының мәнін ашатын теориялық ережелер; тұтас педагогикалық процесс теориясы, студенттердің кәсіби құзыреттілігі мен танымдық іс-әрекетінің, шығармашылық дербестігінің тұжырымдамасы; ЖОО-дағы білім берудің қазіргі мазмұнының теориясы және басқалар болып табылады. Жұмыста Е.Л. Писаревский, Н. А. Зайцева, Е.С. Никитинский, В. Н. Вуколов, А.А.Саипов, А.А.Жолдасбеков, А.Н. Макогонов, Д.М. Джусубалиева, Б. Т. Кенжебекова, А. Т. Капанова және т. б. туризмнің және білім берудің өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, туристік кадрларды даярлау жөніндегі танымал ғалымдардың теориясы мен әдістемесі пайдаланылды.

Зерттеу көздері: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасының 2017-2019 жылға арналған «Туризм» кәсіби стандарты, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, базалық оқу жоспарлары, Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің мерзімді және ғылыми-педагогикалық басылымдары, интернет ресурстар, оқу құралдары, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, сондай-ақ туризм және білім беру саласындағы ғалымдардың еңбектері.

Зерттеу әдістері: *теориялық* (философиялық, ғылыми, педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдау; ресми үкіметтік материалдар мен нормативтік-құқықтық құжаттар; педагогикалық тәжірибені зерделеу және қорыту) және *эмпирикалық* (оқу процесін педагогикалық бақылау және оған

жеке қатысу; сауалнама жүргізу; сұхбат жүргізу; модельдеу; педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және өткізу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - бұл:

- туристік білім беру ұғымының жіктелуі, туристік кадрларды ұйымдастыру және даярлау бойынша педагогикалық жағдайлар нақтыланды және жинақталды;

- туризм индустриясы мамандарын даярлау бойынша TedQual UNWTO халықаралық туристік білім беру жүйесіне талдау жасалды;

- түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған кадрларды даярлау үдерісінде нормативтік-құқықтық құжаттардың рөлі анықталды;

- туризм индустриясы кадрларын даярлаудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары, қағидалары, көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалды;

- «Туризм» ББ бойынша «Халықаралық туризм: туризм және бизнес индустриясы» және «Спорттық және емдік-сауықтыру туризмі» білім беру траекториялары әзірленді және енгізілді, олар Қазақстан Республикасы Туризм индустриясы кадрларын даярлауды жетілдірудің ұйымдастыру-педагогикалық жағдайларын кешенді іске асырудың қисынын көрсетеді;

- туризм саласындағы кәсіби стандарттарды ескере отырып, болашақ мамандардың кәсіби сапаларын қалыптастыру мақсатын, мазмұнын, технологияларын, нәтижелерін қамтитын туристік кадрларды даярлау бойынша үздіксіз кәсіптік білім берудің құзыретті-бағдарланған моделі әзірленді;

- мемлекеттің және туристік еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Туризм индустриясы кадрларын даярлау процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы Қазақстан аумағында туристік кадрларды даярлау жөніндегі нақты жағдайды қарауға мүмкіндік береді, соның негізінде кадрлар даярлау проблемасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі одан арғы стратегияны үйлестіруге болады.

Диссертациялық зерттеу негізінде кәсіптік стандарттар негізінде еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, Туризм» ББ бойынша «Халықаралық туризм: туризм және бизнес индустриясы» және «Спорттық және емдік-сауықтыру туризмі» білім беру траекторияларын әзірлеу және енгізу жүзеге асырылды.

Зерттеудің алынған нәтижелері Қазақстанның жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына туризм индустриясының кәсіби стандарттарын ескере отырып, «Туризм» білім беру бағдарламасы тобының әзірлеу жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленген зерттеулердің практикалық құндылығы бар: «Логистика в туризме», «Терминологический словарь управления персоналом в индустрии туризма и гостеприимства», «Сервисная деятельность в индустрии туризма и гостеприимства» оқу құралдары, «Қонақжайлық және туризм индустриясының экономикалық

сөздік–анықтамасы», «Қонақжайлылық саласы және психологиялық-туристік қызметтің терминдер сөздігі», «Туризм іс-әрекетіндегі ғылыми зерттеудің терминологиялық сөздігі», «Экономический словарь – справочник индустрии туризма и гостеприимства», «Dictionary on methods of teaching tourist disciplines», «Terminological dictionary of the scientific» электронды оқу құралдардың «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша туризм индустриясы мамандарын кәсіби даярлауды жүргізуге мүмкіндік беретін авторлық құқық туралы куәліктері бар.

Диссертациялық зерттеу материалдары туризм және қонақжайлылық саласындағы кәсіпорындардың, мекемелердің мамандарына, туризмді мемлекеттік басқару органдарына туризм индустриясының кадрларын іріктеу жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Зерттеу 2015-2020 жылдар аралығында кезең-кезеңмен жүргізілді:

Бірінші кезеңде (2015 – 2017 жж.) – іздеу-теориялық – философиялық, ғылыми, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу мәселесі бойынша интернет дереккөздерді талдауға; зерттеу объектісін, пәнін, мақсатын, міндеттерін, ғылыми гипотезасын, зерттеу әдістерін, ұғымдық және ғылыми аппаратты анықтауға бағытталған. Осы кезеңде эксперименттік зерттеу базасы анықталды, онда ҚазСТА-ның оқу процесіне «Халықаралық туризм: туризм және бизнес индустриясы» және «Спорттық және емдеу-сауықтыру туризмі» оқыту траекториялары бойынша білім беру бағдарламасы енгізілді.

Екінші кезеңде (2017 – 2019 жж.) – айқындаушы – туризм саласының кадрлық әлеуетін даярлауды жетілдіруге тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жоспарлау және жүзеге асыру; туризмдегі еңбек нарығын болжау және туристік кадрлардың қажеттілігін айқындайтын факторлар бойынша жұмыс жүргізілді; туристік кадрларды даярлау ерекшеліктерін айқындайтын нормативтік-құқықтық құжаттаманы өңдеу; айқындаушы экспериментті сынақтан өткізу нәтижелері талданып, қорытындыланды.

Үшінші кезеңде (2019 – 2020 жж.) – қалыптастырушы – зерттеу нәтижелері өңделді, туристік кадрларды даярлау бойынша үздіксіз кәсіптік білім берудің әзірленген құзыретті-бағдарланған моделіне түзетулер енгізілді; тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптасты, зерттеу нәтижелерін ЖОО практикасына енгізу бойынша жұмыс жүргізілді.

Алынған нәтижелердің сенімділігі тақырып мәселесі бойынша негізделген тәсілдің теориялық және әдіснамалық негізділігімен, зерттеу әдістерінің тиісті таңдауымен және осы жұмыстың нәтижелерінде көрінетін эксперимент барысында алынған нәтижелермен, сондай-ақ, университеттің оқытушысы ретіндегі педагогикалық және практикалық тәжірибелерімен негізделген.

Зерттеу базасы: эксперименттік жұмыс 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейін Қазақ спорт және туризм академиясының туризм және сервис кафедрасының оқытушысы ретінде өткізілді, экспериментке ҚазСТА-ның 197 түлегі, Қазақстан Туристік Қауымдастығы (ҚТҚ), респонденттерге сауалнама

жүргізу кезінде (10 жұмыс беруші) Алматы қаласының туризм индустриясы ұйымдары қатысты.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері халықаралық ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларда, республикалық және шетелдік басылымдардағы сөйлеген сөздері мен баяндамаларда, 2019 жылы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу үшін білім беру бағдарламасының паспортын сараптау» ҚР БҒМ Болон процесі орталығының сарапшысы ретінде және туризм факультетінің ҚазСТА базасында эксперименттік бақылау жүргізуде сыналды.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Осы зерттеу жұмысының нәтижелері 2016-2020 жылдар аралығында жарық көрген 16 ғылыми еңбекте жарияланды. Диссертациялық тақырып бойынша Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда 2 мақала; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енгізілген 4 мақала; халықаралық конференция жинақтарында 4 мақала; авторлық құқық туралы куәлік алған 1 ұжымдық монография және 6 электрондық оқу құралы жарияланды.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

- туристік білім беру ұғымының мәні және туризм индустриясы кадрларын даярлауды жетілдіру бойынша ұйымдастыру-педагогикалық шарттары;

- Туризм индустриясы мамандарын даярлау бойынша TedQual UNWTO халықаралық туристік білім беру жүйесін талдау;

- «Туризм» ББ бойынша «Халықаралық туризм: туризм және бизнес индустриясы» және «Спорттық және емдік-сауықтыру туризмі» білім беру траекториялары;

- туризм саласындағы кәсіби стандарттарды ескере отырып, болашақ мамандардың кәсіби сапаларын қалыптастыру мақсатын, мазмұнын, технологияларын, нәтижелерін қамтитын туристік кадрларды даярлау бойынша үздіксіз кәсіптік білім берудің құзыретті-бағдарланған моделі;

- Қазақстан Республикасының Туризм индустриясы кадрларын даярлау процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық зерттеудің құрылымы кіріспеден, үш тараудан, 15 кестеден, 29 суреттен, қорытындыдан, 118 пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардың тізімінен тұрады.

Кіріспеде зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі негізделген, мақсат, объект және пән, міндеттер, зерттеулер қалыптасады, зерттеудің жаңалығы, дереккөздері мен әдістері, зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға шығарылатын негізгі ереже анықталады, автордың зерттеу нәтижелерін апробациялау туралы ғылыми нәтижеге қол жеткізуге қосқан жеке үлесі туралы мәліметтер келтірілген.

«Туризм индустриясында туристік кадрларды даярлаудың теориясы мен әдістемесі» атты **бірінші бөлімде** туризм индустриясының туристік кадрларын даярлаудың теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша

әдебиеттер, ғаламтор көздері; туристік білім берудің ерекшеліктері мен сыныптамасы; туристік кадрларды даярлауды ұйымдастыру бойынша педагогикалық шарттар; туристік кадрларды даярлау бойынша халықаралық тәжірибе қарастырылған және зерттелген.

«Туристік білім» деген қазіргі заманғы ұғымды қалыптастыру және анықтау үшін ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттер талданды, оның белгілері мен түрлері бойынша туристік білімнің жіктелуі жасалды, бұл қазіргі заманғы еңбек нарығының дамуына сапалы әсер ететін туристік индустрияның ерекшеліктерін ескере отырып, туристік кадрларды даярлау мақсатында осы жүйелі ақпаратты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

UNWTO ресми сайтының деректерін UNWTO сапасының сертификатталған білім беру бағдарламаларының бар-жоғын зерттеу бойынша талдау жүргізілді. TedQual, олардың елдер мен макроөңірлер бойынша орналасуы, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған ББ ерекшелігі, олардың айрықша ерекшеліктері зерделенді және «Туризм» бағыты бойынша біздің елімізде әзірленетін ББ сапасына әсер етуі мүмкін негізгі элементтердің сипаттамасы қалыптастырылды. Бұл талдау білім беру бағдарламаларының негізгі критерийлерін, олардың кәсіби туристік білім беру саласында мамандандырылған бірегейлігін анықтауға мүмкіндік берді, өйткені бұл шетелдік университеттер әр елдің ұлттық ерекшеліктерін – оның экономикасын, тарихи дәстүрлерін, нарықты сегментациялауды және туризмді дамыту тенденцияларын көрсететін оқу процесі мен оқу бағдарламаларының бағытын анықтайтын қалыптасу түрі бойынша ерекшеленеді.

«Туризм саласының кадрлық әлеуетін даярлау жүйелерінің қазіргі заманғы дамуы» деген **екінші бөлімде** туризмдегі еңбек нарығын талдау және туристік кадрлардың қажеттілігін айқындайтын факторлар; Қазақстан Республикасының туристік білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық талаптар; туристік кадрларды даярлау жөніндегі Қазақстан жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының айрықша ерекшеліктері ұсынылған.

Диссертациялық зерттеудің осы тарауында біз Қазақстан Республикасындағы туризм саласының кадрлық әлеуетін дайындау жүйесінің қазіргі жағдайы мен даму бағытын талдадық. Осы мақсатта авторлар нақты және әлеуетті жұмыс берушілер болып табылатын туристік нарық субъектілеріне екі кезеңдік сауалнама жүргізу арқылы туристік кадрлардың қажеттілігіне еңбек нарығын болжауды жүргізді. Сауалнама кадрларды даярлау сапасына қанағаттану дәрежесін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір университет жағдайында «Туризм» ББ қайта құру мен жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік беретін мәселелердің жиынтығы болып табылады. Біз 2017 жылы сауалнама нәтижелері бойынша қорытынды жасадық, бұл бітіруші мамандардың деңгейін арттыруға мүмкіндік берді, мұны 2019 жылы екінші кезеңде сауалнаманы толтырған респонденттердің жауаптарын талдау кезінде көруге болады, бұл зерттеудің нәтижесі болды.

Кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін ұсынылған әдістемелер, құралдар мен нысандар ҚР туристік білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық құжаттарына негізделген: халықаралық құқықтық база, ҚР «Туристік қызмет туралы», «Білім туралы» заңдары және басқалары, туризмді дамыту тұжырымдамалары, МЖМБС, саланың кәсіби стандарттары, оларды талдау ББ қалыптастырудағы басым бағыттарды айқындауға, сондай-ақ ББ-да білім беру траекториясын әзірлеуді және енгізуді негіздеу үшін негіз дайындауға мүмкіндік береді.

Туристік білім беру жүйесіне талдау жүргізілді, оның негізінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының туристік кадрларды даярлау жөніндегі айырықша ерекшеліктері қалыптастырылды, бұл бізге мамандардың дамуы мен дайындық сапасын арттыруға қажетті практикалық басшылық жасау үшін негіз жасауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның жоғары оқу орындарының ББ ерекшелігін сапалы түсіну мақсатында авторлар кәсіби оқытушылық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ «Туризм» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу үшін білім беру бағдарламасының паспортына сараптама» ҚР БҒМ Болон процесі орталығы жанындағы сараптама тобының мүшесі ретінде автордың жұмыс барысында жиналған деректерге салыстырмалы SWOT талдау жүргізді. Оның барысында қолданыстағы «Туризм» ББ талдау жүргізілді және туристік кадрларды даярлаудың күшті және әлсіз жақтары анықталды, сондай-ақ қолданыстағы ББ ішіндегі траекторияны қажетті әзірлеумен негізделді.

«Жеке зерттеулердің нәтижелері және оларды талқылау» атты үшінші бөлімінде Қазақстанның жоғары оқу орындары үлгісінде кәсіби туристік білім берудің заманауи құзыретті-бағдарланған моделі әзірленді және енгізілді; туристік кадрларды кәсіби даярлауды жетілдіру бойынша білім беру бағдарламаларын енгізудің тиімділігі анықталды.

Бұл тарауда талқылауға ұсынылған жеке зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Кәсіби туристік білім берудің инновациялық, құзыретті-бағдарланған моделі әзірленді, онда білім беру жүйесінің алдына қойылған қазіргі заманғы сын-тегеуріндер тұрғысынан «үздіксіз» білім беруді кезең-кезеңімен игеруді құру ерекшелігі ашылады.

Үздіксіз білім беру жүйесінің авторлық моделі мектепке дейінгі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қамтитын 8 негізгі элементтерден тұрады, сондай-ақ олардың өзара әрекеттесуі мен жеке позициялардың өзара алмастырылуы көрсетілген. Бұл модельде туризм саласындағы құзыретті-бағдарланған кәсіптік білім беру жүйесіндегі байланыстырушы буын болып табылатын университеттің ұстанымы маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, біз Қазақ спорт және туризм академиясы мысалында зерттеудің эксперименттік бөлігінде өзінің тиімділігін дәлелдеген осы жүйенің өзара іс-қимылының нысандары мен әдістерін ұсындық.

Модельдің басты элементі білім беру процесінің жеке субъектісі емес, ҚР-дағы «Туризм» ББ-ның айрықша ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік

берген еңбек нарығының сұраныстарын болжау және ұлттық және халықаралық стандарттарды талдау барысында алынған нәтижелермен қалыптастырылатын құзыретті-бағдарланған тәсіл қағидаты болып табылады.

ББ әзірлеу негізінде әрқашан 3 негіз қалаушы элемент ескерілуі тиіс: 1) ҚР нормативтік-заңнамалық базасы; 2) туристік нарық субъектілерінің олардың кәсіби қызметіне және қабылданған ҚС негізделген сұраныстарын талдау; 3) білім беру процесінің бірегей векторын (студенттің бейімділігі) қалыптастыруда студенттердің пікірін есепке алу және мониторингтеу.

Қазіргі уақытта ББ әзірлеу Туризм индустриясы мамандарын даярлау бойынша кешенді білім беру қызметін ұсыну үшін қажетті элемент болып табылады. Авторлар «Туризм» ББ қалыптастыру үшін инновациялық кадамдық құрылым әзірледі, ол табысты апробациядан өтті және ҚазСТА, Туризм факультетінің оқу процесіне енгізді.

Диссертациялық жұмыста ауқымды, теориялық, теориялық-практикалық және практикалық зерттеулер жүргізілді, олар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын ББ, траектория мен пәндерді әзірлеудегі оның әлеуетін айқындайтын нақты жоғары оқу орнының мүмкіндіктерін сыни бағалау үшін қажетті бейімделген материалмен қамтамасыз ете алатын бірегей схемалар, матрицалар мен модельдер жасауға мүмкіндік берді. Диссертациялық зерттеулерде ұсынылған барлық деректер ерекше болып табылады және ҚР туристік білімінің ерекшеліктерін көрсетеді.

Қорытындыда қойылған міндеттердің шешілуін растайтын зерттеу қорытындылары шығарылып, негізгі тұжырымдар мен ұсынымдар ұсынылды:

- Туризм саласындағы мамандарды даярлаудың дидактикалық жүйесі әлемнің дамыған елдерінде өзінің қалыптасу және практикалық жұмыс істеу сатысында. Біздің елімізде туризм саласы үшін мамандар даярлау жүйесін құру, оның мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін талдау маңызды. Бұл жүйе барынша қысқа мерзімде туристік нарықтағы кез келген өзгерістерге тиімді әрекет ету үшін көп жоспарлы, икемді, ұтқыр болуы тиіс; бұл жүйе негізгі және қосымша коэффициенттердің өзгергіштігіне байланысты табысты қайта құрылымдауға және тез қайта құрылуға, сондай-ақ ұлттық экономиканың ең табысты салаларының біріне айналуға қабілетті болуға тиіс.

- Шығарылатын кадрлардың сапасына, олардың жұмысқа орналасуына және кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу білім беру бағдарламалары нәтижелілігінің жоспарлы талдау процесін ұйымдастыруға және қазіргі заманғы туристік нарықтың талаптарына байланысты олардың сапасын жүйелі түрде арттыруға мүмкіндік береді.

- Білім беру бағдарламаларын әзірлеу процесіне туристік нарық субъектілерін тарту туристік білім берудің құзыретті-бағдарланған моделін қалыптастыруға және ЖОО түлектерінің қанағаттану деңгейін арттыруға оң әсер етеді.

- «Туризм» білім беру бағдарламасын әзірлеу жүйелі сипатқа ие және ББ деректері аясында кадрлар даярлауды іске асыратын жоғары оқу орындарының өзіндік ерекшеліктеріне негізделеді.

- «Туризм» ББ бойынша білім беру траекторияларын қалыптастыру білікті кадрларды даярлауда қажетті элемент болып табылады және «Туризм» білім беру траекториясы шеңберінде қосымша мамандандыру алуға мүмкіндік береді.

- Білім беру бағдарламасының ішіндегі траекторияны әзірлеу студентке бағытталған білім беру қағидасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни білім алушы (студент) өзінің жеке оқу жоспарын анықтайды. Осы процесті жеңілдету үшін авторлар «Туризм» ББ бойынша оқыту траекториясын таңдау матрицасын әзірледі, ол студентке өзінің кәсіби қызметінің бағытын қарапайым түрде анықтауға мүмкіндік береді, сонымен бірге ол ұсынымдық сипатқа ие.

Қосымшада Қазақ спорт және туризм академиясы базасындағы оқу процесінде «Халықаралық туризм: туризм және бизнес индустриясы» және «Спорттық және емдеу-сауықтыру туризмі» білім беру траекториялары бойынша «Туризм» білім беру бағдарламасын апробациялау нәтижелерін **енгізу актілері**; авторлық құқық объектісіне құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, «Виза және саяхаттарды рәсімдеу жөніндегі электрондық портал» ЖШС туристік компаниясынан **енгізу актісі** ұсынылған.